«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ФИНАНСОВ ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

«23» желтоқсан 2021 ж./г.

Жаңақорған кенті

ПРИКАЗ

№ 61

поселок Жанакорган

**Мүлікті жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлік деңгейінен Жаңақорған ауданының коммуналдық мүлік деңгейіне беру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Заңдарына, Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 4 қаңтардағы №422 қаулысымен бекітілген «Жаңақорған ауданының қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлік деңгейіндегі «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылдық округі 150 орындық клубының құрылысы» жұмыс жобасының құжаттамасы «Жайылма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен Жаңақорған ауданының коммуналдық мүлік деңгейіне «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берілсін.

2. Осы бұйрық тараптарға жолданып, мүліктің алыс-беріс актісі тиісті заңдылықтарға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің коммуналдық меншікті басқару секторының меңгерушісі Л. Абдрахмановаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негізі:

1. «Жайылма ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы №03-4/455 санды қатынас хаты.

2. «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №01-01/1012 санды қатынас хаты.

**Бөлім басшысы** **А. Оразбеков**

**«Бекітемін»**

«Жаңақорған ауданының
қаржы бөлімі» КММ-нің басшысы
_____ А. Оразбеков
«5» қаңтар 2022 жыл

**«Бекітемін»**

«Жайылма ауылдық округі әкімінің
аппараты» ММ-сі.
Жайылма ауылдық округінің әкімі
_____ Ә. Бөкеев
«5» қаңтар 2022 жыл

## Алыс-беріс актісі

Біздер, «Жайылма ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, Жайылма ауылдық округінің әкімі Ә. Бөкеев бір жағынан және екінші жағынан «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы О. Ахметов болып, Жаңақорған ауданының қаржы бөлімінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы №61 бұйрығына сәйкес, *«Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылдық округі 150 орындық клубының құрылысы»* жұмыс жобасының жоба-сметалық құжаттарын жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлік деңгейінен Жаңақорған ауданының коммуналдық мүлік деңгейіне «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне өткізу жөнінде алыс-беріс актісін жасадық.

Себебі, «Жайылма ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгерімінде тұрған *«Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылдық округі 150 орындық клубының құрылысы»* жұмыс жобасының жоба-сметалық құжаттарын «Жайылма ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі өткізді, «Жаңақорған ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміне қабылдады.

**Өткізді:**

«Жайылма ауылдық округі әкімінің
аппараты» ММ-сі.
Жайылма ауылдық округінің әкімі
_____ Ә. Бөкеев
«5» қаңтар 2022 жыл

**Қабылдады:**

«Жаңақорған ауданының сәулет, қала
құрылысы және құрылыс бөлімі»
КММ-нің басшысы
_____ О. Ахметов
«5» қаңтар 2022 жыл